

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Исарай ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін және жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исарай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қарашадағы № 55 -VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 желтоқсанда № 3691 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исарай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 қантардағы № 137-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исарай аудандық мәслихатының 25.01.2018 № 137-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Салық кодексінің 386 бабы 5-тармағына, 444 бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабына сәйкес, Исарай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Исарай ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірынғай жер салығының мөлшерлемелері және жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (А. Рахметов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Исарай аудандық мәслихаттың
кезектен тыс VII сессиясының
төрагасы*

Аудандық мәслихат хатшысы

P. Абшееев

H. Мұханбеталиев